

## Аудиторлық қызмет туралы

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-І Заны.  
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заң жаңа редакцияда - ҚР 2006.05.05 № 139, бұқіл мәтін бойынша "оны кері қайтарып алу", "лицензиясы кері қайтарып алынған", "лицензиясын кері қайтарып алу", "кері қайтарып алуды", "оларды алқалы басқару органдарының шешімімен кері шақырып алу", "Лицензия кері қайтарып алынған", "лицензияны кері қайтарып алу" деген сөздер тиісінше "одан айыру", "лицензиясынан айырылған", "лицензиясынан айыру", "лицензиясынан айыруды", "алқалы басқару органдарының шешімімен олардан айыру", "Лицензиядан айырылған", "лицензиядан айыру" деген сөздермен ауыстырылды - 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұқіл мәтін бойынша "және терроризмді қаржыландыруға" деген сөздер ", терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға" деген сөздермен ауыстыру көзделген – ҚР 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдар, жеке және занды тұлғалар, аудиторлар, аудиторлық ұйымдар, кәсіби аудиторлық ұйымдар және аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес арасында туындастын қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 358-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұйымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеген кәсіби аудиторлық ұйым (бұдан әрі – кәсіби ұйым) – аудиторлар мен аудиторлық ұйымдарды біріктіретін коммерциялық емес ұйым;

2) аккредиттеу – осы Занда көзделген кәсіби ұйымдардың құқықтылығын уәкілетті мемлекеттік органның ресми тануы;

3) аттестаттау – Біліктілік комиссиясының аудиторларға кандидаттардың білімдері мен дағдыларын айқындауы рәсімі;

4) аудит – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында тексеру;

5) аудитор – Аудиторларға кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - Біліктілік комиссиясы) аттестаттаған, "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік қуәлігін алған жеке тұлға;

6) аудиторлық есеп – жүргізілген аудиттің нәтижесі болып табылатын жазбаша ресми құжат;

7) аудиторлық қызмет – осы Заңға сәйкес қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат аудитін жүргізу және көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

7-1) аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес (бұдан әрі - кәсіби кеңес) - кәсіби үйым (кәсіби үйымдар) құрған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес үйым;

8) аудиторлық үйым – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және кәсіби үйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық үйым;

9) аудиттелетін субъект – өзіне қатысты аудит, салықтар бойынша аудит, өзге ақпарат аудиті жүргізілетін заңды тұлға, заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның филиалдары және (немесе) өкілдіктері, дара кәсіпкер;

10) Әдеп кодексі – аудиторлардың, аудиторлық және кәсіби үйымдардың кәсіптік қызметінің Халықаралық бухгалтерлер федерациясы шығарған және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын әдеп қағидалары жинағы;

11) дұрыс емес аудиторлық есеп – Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, қаржылық есептілік туралы және аудит стандарттарында көзделген ақпарат туралы дұрыс емес және (немесе) толық емес, пайдаланушыларды жаңылыстыратын мәліметтерді қамтитын аудиторлық есеп;

12) жер қойнауын пайдаланушиның шығыстары туралы мәліметтер аудиті – жер қойнауын пайдаланушиның пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі операцияға арналған шығыстарының аудиті;

12-1) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері - бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының ресми тізіміне енгізілген немесе енгізу жоспарланып отырған эмитенттерге, сондай-ақ қаржы үйимдарына (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциярына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға, жер қойнауын пайдаланушыларға (кең таралған пайдалы қазбаларды өндірушілерден басқа) аудит жүргізетін аудиторлық үйимдар;

13) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит – бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша аудит;

14) көрінеу дұрыс емес аудиторлық есеп – аудит жүргізілмей жасалған немесе пайдаланушыларды қасақана жаңылыстыратын пікірді қамтитын аудиторлық есеп;

15) мұдделер қақтығысы – аудиторлық ұйымның мұдделілігі оның аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай;

16) өзге ақпарат аудиті – "Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалауға қатысты, оның ішінде стратегия мен бизнес модельге, корпоративтік басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесін бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға қатысты процестерді және қаржылық есептілікпен байланысты емес ақпаратты тексеру;

17) өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды – өзге ақпарат аудитінің нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;

17-1) практикамен айналыспайтын сарапшы - аудиторлық ұйымның құрылтайшысы (қатысуышысы) немесе жұмыскері болып табылмайтын және кәсіби кеңес органдарында тағайындалғанға дейін және олардағы жұмыс кезеңінде онымен азаматтық-құқықтық қатынаста кемінде күнтізбелік бір жыл болмаған жеке тұлға;

18) салықтар бойынша аудит – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрі бойынша есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетакы журналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы журналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселесі бойынша аудит;

19) салықтар бойынша аудиторлық қорытынды – салықтар бойынша аудит нәтижелері бойынша жасалған қорытынды;

20) салықтар бойынша дұрыс емес аудиторлық қорытынды – аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жасаған, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу мен төлеудің дұрыстығы, міндетті зейнетакы журналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы журналарын есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақтылығы, әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығы мәселелері бойынша дұрыс емес және (немесе) толық емес мәліметтерді қамтитын, сондай-ақ салықтар бойынша аудит жүргізілмей жасалған немесе қасақана жаңылыстыратын пікірді қамтитын қорытынды;

21) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – аудиторлық қызмет саласында реттеуді және аудиторлық қызмет пен кәсіби ұйымдардың қызметі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) ұйымдардың стандарттары – аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, аудит жүргізу тәртібіне бірыңғай талаптарды белгілейтін ішкі құжаттары;

23) халықаралық аудит стандарттары (бұдан әрі – аудит стандарттары) – Халықаралық бухгалтерлер федерациясы шығарған стандарттар мен құжаттар.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Аудиторлық қызмет**

1. Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызметпен айналысу құқығына ие болады.

2. Аудиторлық ұйымдар мынадай қызметтерді де көрсете алады:

1) аудит стандарттарына сәйкес ілеспе және басқа да көрсетілетін қызметтер;

2) бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және жүргізу, қаржылық есептілікті жасау;

3) ішкі аудит;

4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер жөніндегі заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру;

4-1) салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды жасау;

4-2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу;

4-3) жер қойнауын пайдалануышының шығыстары туралы мәліметтер аудитін жүргізу;

4-4) өзге ақпарат аудитін жүргізу және өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытынды жасау;

5) алғашқы статистикалық деректерді қалыптастыру;

6) қаржы-шаруашылық қызметті талдау және қаржылық жоспарлау, экономикалық, қаржылық және басқарушылық консультация беру;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша консультация беру;

8) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, салық салу, аудит және қаржы-шаруашылық қызметті талдау мен қаржылық жоспарлау бойынша оқыту ;

9) бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыру жөнінде ұсынымдар беру, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасауды автоматтандыруға үйрету;

10) бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау, аудит, қаржылық-шаруашылық қызметті және қаржылық жоспарлауды талдау, аудит стандарттарына сәйкес ілеспе қызметтерді көрсету бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ оларды тарату;

11) аудиторлық қызметке байланысты заң қызметтерін көрсету;

**12) Алынып тасталды - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

Егер "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы тармақта көзделген жекелеген қызмет түрлерін көрсету рұқсаттар алуды немесе хабарламалар жіберуді талап етсе, аудиторлық ұйымдар рұқсаттары болмай немесе хабарламаларды жібермей бұл қызметтерді көрсетуге құқылы емес.

3. Аудиторлық ұйымдарға кесіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен айналысуға тыйым салынады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV; 16.05.2014 № 203-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-1-бап. Аудиторлық қызмет саласындағы реттеудің мақсаттары мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті дамыту және аудиторлық көрсетілетін қызметтердің сапалы болуы үшін жағдайлар жасау аудиторлық қызмет саласындағы реттеудің мақсаттары болып табылады.

2. Аудиторлық қызмет саласындағы реттеудің міндеттері:

1) аудиторлық қызметтің құқықтық негіздерін белгілеу;

- 2) аудиторлық қызметтің жүзеге асырудың негізгі бағыттарын айқындау;
- 3) аудиторлық қызмет саласында жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделерін қорғау;
- 4) аудиторлардың кәсіби құзыреттерін арттыру үшін жағдайлар жасау.

**Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды – ҚР 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
Заңымен.

#### **4-бап. Аудиторлық қызметтің негізгі принциптері және аудиттің стандарттары**

1. Аудиторлық қызметтің негізгі принциптері мыналар:

тәуелсіздік;

объективтілік;

кәсіби құзыреттілік;

құпиялылық;

адалдық;

ұйымдардың стандарттарын сақтау.

2. Аудит осы Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін аудит стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Аудит стандарттарын Қазақстан Республикасында оларды ресми аударуға және (немесе) жариялауға Халықаралық бухгалтерлер федерациясының жазбаша рұқсаты бар ұйым қазақ және орыс тілдерінде жариялауы мүмкін.

Осы Заңың 5-бабы 2-тармағы бірінші белгінің төртінші, бесінші, алтыншы, сегізінші және он бірінші абзацтарында көрсетілген ұйымдарға аудит жүргізу кезінде аудиторлық ұйым қаржылық есептілікте қамтылған ақпараттың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өзірленген нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

3. Салықтар бойынша аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Өзге ақпарат аудиті қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу**

тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 5-бап. Аудит және оның түрлері

1. Аудиттің түрлері мыналар:

- 1) міндетті;
- 2) бастамашылық.

2. Міндетті аудитке:

акционерлік қоғамдар;

қадағалау кеңесі бар, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокері;

нысаналы капитал қорлары;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар;

инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары;

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жағдайларда, көмірсүтектерді барлау мен өндіру немесе пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғалар;

банктер, ірі қатысушысы банк болып табылатын ұйымдар, банк холдингтері;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбе бойынша авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларды қоспағанда, азаматтық авиация ұйымдары;

астық қабылдау кәсіпорындары;

сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры;

инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

"Тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылыш салушылар мен уәкілдегі компаниялар;

"Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнайы қаржы компаниялары;

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы;

инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушылар (өнеркәсіптік объектілер);

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес уәкілетті экономикалық операторлар;

мынадай шарттарды бір мезгілде орындаған кезде:

1) оның құрамында жарғылық капиталына қатысадының он пайыздан кем үлесін иеленетін қатысушылар (құрылтайшылар) бар болған;

2) жұмыскерлердің орташа жылдық саны екі жұз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерден асатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жатады.

Орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін жылдық қаржылық есептілік аудиті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысадының он пайыздан кем үлесін иеленетін қатысушының (құрылтайшының) талабы бойынша жүргізіледі.

Аудит міндетті болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын ұйымдар жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға міндетті.

Осы тармақтың талаптары сот банкрот деп таныған акционерлік қоғамдарға, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган лицензиясынан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

3. Бастамашылық аудит аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша бастамашы мен аудиторлық ұйымның арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген аудиттің нақты міндеттері, мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

**Ескеरту.** 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.11 № 183-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.07.15 № 338-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 № 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 539-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 128-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2015 № 312-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2015 № 406-V (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.04.2016 № 487-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 409-VI (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2022 № 138-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 200-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Ескеरту. 6-бап алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **7-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

1) аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

1-1) аудиторлар тізілімін жүргізеді;

1-2) міндепті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең аз талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

1-3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын өзге ақпарат аудиті шеңберінде тексерілуге жататын мәселелер тізбесін, өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындының мазмұнына, аудиторлық ұйымның оны ұсыну мерзімдеріне қойылатын талаптарды, өзге ақпарат аудитіне тартылатын аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторларға қойылатын талаптарды келіседі;

1-4) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерін өзірлейді және бекітеді;

- 2) кәсіби ұйымдарды аккредиттеу тәртібін өзірлейді және бекітеді;
- 3) кәсіби ұйымдарды аккредиттейді және олардың тізілімін жүргізеді;
- 4) аудиторлық қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актіні өзірлейді, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және оларды бекітеді;
- 5) аудиторлық қызметті лицензиялауды және аудиторлық ұйымдардың тізілімін жүргізууді жүзеге асырады;
- 6) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, оның қолданылуын тоқтата туру, одан айыру және оны тоқтату туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды;
- 7) алып тасталды – ҚР 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 8) Біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесін бекітеді;
- 9) аудит стандарттарын тарату үшін жағдай жасалуын қамтамасыз етеді;
- 9-1) кәсіби кеңес басқармасының құрамына өкілін жібереді;
- 9-2) алып тасталды – ҚР 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 9-3) алып тасталды – ҚР 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 10) алынып тасталды - 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
- 11) алынып тасталды - 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
- 12) алынып тасталды - 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.
- 13) кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысанын және оны ұсыну кезеңділігін өзірлейді және бекітеді;
- 14) алынып тасталды - 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

14-1) аудиторлық ұйымдардың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылышстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

15) аудиторлық және кәсіби ұйымдар тізілімдерінің нысандарын бекітеді;

16) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

17) аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-1) салықтар бойынша аудит жүргізу және салықтар бойынша аудиторлық қорытынды беру тәртібін айқындайды;

18-2) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, прокуратура органының тиісті талабы немесе сұрау салуы, сотқа дейінгі басталған тергеп-тексеру шеңберінде шығарылған тиісті қаулы, сондай-ақ соттың тиісті ұйғарымы бойынша тексеруге қатысу және қорытынды беру үшін кезектілік және өңірлік ұсынылу қағидаттарын сақтай отырып, аудиторлық ұйымдардың (аудиторлардың) тізбесін, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың (аудиторлардың) тізбесінен аудиторлық ұйымды (аудиторды) айқындайды;

18-3) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, аудит міндетті болып табылатын мемлекет қатысатын ұйымдарды айқындайды;

19) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2024 № 107-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **7-1-бап. Аудиторлық қызмет және кәсіби ұйымдар қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Аудиторлық қызмет және кәсіби ұйымдардың қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Аудиторлық қызмет және кәсіби ұйымдардың қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **8-бап. Аудитор**

1. Аудитор өз қызметін аудитор ретінде бір аудиторлық ұйымның құрамында ғана жүзеге асырады.

2. Аудитор бір аудиторлық ұйымға ғана қатысушы бола алады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **9-бап. Аудиторлық ұйым**

1. Аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

2. Шетелдік ұйым, егер оның мәртебесін өзі резиденті болып табылатын елдің кәсіби ұйымы растаса, аудиторлық ұйым деп танылады.

Шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін растайтын кәсіби ұйым Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі болуға тиіс.

Шетелдік ұйым, егер оның мәртебесін өзі резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органы растаса да, аудиторлық ұйым деп танылады.

3. Шетелдік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті тиісті аудиторлық ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

4. Аудиторлық ұйымның құрамындағы аудиторлардың саны екі адамнан кем болмауға тиіс.

5. Аудиторлық ұйымның жарғылық капиталында аудиторға (аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық ұйымға (ұйымдарға) тиесілі үлес жүз процент болуға тиіс
6. Аудиторлық ұйым басшысының "аудитор" деген біліктілік куәлігі болуы міндетті

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиясынан айырылған аудиторлық ұйымға бұрын жетекшілік еткен аудитор лицензиядан айыру туралы сот шешімі заңды құшіне енген күннен бастап бір жыл бойы басқа аудиторлық ұйымның басшысы бола алмайды.

7. Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым басқа аудиторлық ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің қатысушысы бола алмайды.

8. Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, филиал басшысының "аудитор" деген біліктілік куәлігі болуы міндетті.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді – КР 12.01.2007 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

## 10-бап. Кәсіби ұйымдар

1. Кәсіби ұйымның аккредиттелуі рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлікпен расталады. Аккредиттеу туралы куәлік Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

2. Кәсіби ұйымдар коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және өз мүшелерінің жалпы жиналысында қабылданған жарғының негізінде жұмыс істейді.

3. Кәсіби ұйымдарды аккредиттеу тәртібіне сәйкес келетін кәсіби ұйымдардың құрылымы мен жұмыс органдары олардың жарғыларында айқындалады.

4. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар ғана кәсіби ұйымдардың құрылтайшылары және қатысушылары бола алады. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар бір ғана кәсіби ұйымның мүшелері бола алады.

Аудиторлардың - кәсіби ұйым мүшелерінің ұйымның басқару органына сайлауға және сайлануға құқығы бар.

5. Алынып тасталды - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңдарымен.

## 11-бап. Кәсіби ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

### 1. Кәсіби ұйымдар:

- 1) алып тасталды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 2) алып тасталды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.
- 2-1) аудиторларға кандидаттарды оқыту жөніндегі курстарды өткізуге;
- 3) аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жұмыс тәжірибесін талдауға, қорытуға және таратуға;
- 4) мемлекеттік, қоғамдық, шетелдік және халықаралық ұйымдарда аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың мүддесін білдіруге;
- 5) өздерінің қатысуышылары болып табылатын аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларын қарауға;
- 6) аудиторлық ұйымдардың рейтингін өткізуге және оларды мерзімді баспа басылымдарында жариялауға;
- 7) бухгалтерлік есеп және аудит бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуға;
- 8) аудиторлық қызмет саласында оқулық әдебиеттерді, әдістемелік ұсынымдар мен мерзімді баспа басылымдарын әзірлеуге, шығаруға және таратуға;
- 9) аудит стандарттары және аудиторлық қызметтің өзге де мәселелері бойынша ұсынымдар беруге;
- 10) сапаға жүргізілген сыртқы бақылау қорытындысы бойынша аудит стандарттары мен Әдеп кодексін бұзуға жол берген тұлғаларды кәсіби ұйымнан шығаруға;
- 11) аудиторлардың біліктілігін арттырудың оқу бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

### 2. Кәсіби ұйымдар:

- 1) аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, аудит стандарттарын, Әдеп кодексін сақтауға;
- 1-1) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылауды осы Заңға сәйкес жүзеге асыруға;
- 2) алып тасталды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) өз мүшелерін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен қамтамасыз етуге;
- 4) алып тасталды - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-1) аудиттің дамуына, оның тиімділігін арттыруға, аудиторлар мен аудиторлық үйымдардың қызметін үйымдастыруға және үйлестіруге ықпал етуге;

5) аудиторлар мен аудиторлық үйымдардың аудит стандарттарының талаптарын, Эдеп кодексін сақтауын қамтамасыз етуге;

5-1) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, аудиторлардың біліктілігін арттыру жөніндегі курсардың өткізілуін қамтамасыз етуге, олар аяқталғаннан кейін курсардан өткені туралы сертификаттар беруге;

6) Алынып тасталды - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

7) Алынып тасталды - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

8) мүшелер қабылдаған (шығып кеткен, шығарылған), сондай-ақ басқару жұмыс органдының дербес құрамы өзгерген жағдайда, осы өзгерістер туралы он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлауға;

9) Алынып тасталды - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өз қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 12-бап. Аккредиттеу туралы күәліктен айыру

1. Кәсіби үйым, егер:

1) Алынып тасталды - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2) алып тасталды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) кәсіби үйым тарапынан өтініш жасалмай, құнтізбелік он екі ай ішінде осындаған кәсіби үйым мүшелері - аудиторлық үйымдардың орташа санының он проценті, бірақ кемінде бесеуі аудиторлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылса ;

4) бір жыл ішінде Аккредиттеу ережесін жүйелі түрде (қатарынан екі реттен артық) бұзса;

5) уәкілетті органға өзі және өз қызметі туралы көрінеу жалған ақпарат берсе;

6) уәкілетті органдың ескерту хаты шығарылған себепті үш ай ішінде жоймаса;

7) алып тасталды - КР 13.05.2020 № 325-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8) алып тасталды – КР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Кәсіби ұйымдар уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **13-бап. "Аудитор" біліктілігін беруге кандидаттарды аттестаттау**

1. Жоғары білімі және экономика, қаржы, бақылау-тексеру немесе құқық салаларында немесе жоғары оқу орындарында бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық қызмет саласында кемінде үш жыл енбек стажы бар адамдар аттестаттауға жіберіледі.

2. Аттестаттаудан өткен адамдар "аудитор" біліктілігі берілгені туралы біліктілік куәлігін және біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, өз аты, сондай-ақ өзінің қалауымен - әкесінің аты көрсетілген аудитордың жеке мөрін (бұдан әрі - жеке мөр) алады.

"Аудитор" біліктілігін беру туралы шешім Біліктілік комиссиясы айқындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

3. Аттестаттау бойынша емтиханнан өтпеген адамдар одан қайтадан өтуге Біліктілік комиссиясының шешімі қабылданған кезден бастап үш ай өткен соң жіберіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **13-1-бап. Кәсіби кеңес**

1. Кәсіби кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құрылтайшылары бекіткен жарғыға сай әрекет етеді.

2. Кәсіби кеңестің мүлкі міндettі аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардан, кәсіби ұйымдардан біржолғы немесе тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және кәсіби кеңес қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін көздер есебінен қалыптастырылады.

3. Кәсіби кеңеске оның құрылтайшылары берген мүлік кәсіби кеңестің меншігі болып табылады.

Кәсіби кеңес құрылтайшыларының кәсіби кеңестің мүлкіне мүліктік құқықтары болмайды.

4. Кәсіби кеңестің басқармасы (бұдан әрі - басқарма) кәсіби кеңестің жоғары басқару органы болып табылады, оның қауаудына Қазақстан Республикасының зандарында, кәсіби кеңестің жарғысында және кәсіби кеңестің ішкі құжаттарында айқындалған, кәсіби кеңестің қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау жатады

##### 5. Басқарма құрамына:

1) кәсіби ұйымдардан - саны бірдей;

2) уәкілдегі органдан (басқарма төрағасы болып табылатын, аудиторлық қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты мәселелер бойынша басшы немесе оның орынбасары);

3) аудитке қатысты мәселелер бойынша - "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамынан;

4) "Астана" халықаралық қаржы орталығынан;

5) жоғары оқу орындарынан және (немесе) ғылыми ұйымдардан өкілдер;

6) сондай-ақ "аудитор" біліктілік куәлігі және (немесе) Халықаралық бухгалтерлер федерациясы таныған аудит саласындағы халықаралық сертификаттардың бірі бар тәуелсіз директор кіреді.

6. Басқарма мүшелерінің саны тақ санды құрауға тиіс, бұл ретте кәсіби ұйымдар өкілдерінің саны басқарма мүшелері жалпы санының үштен бірінен аспайтынын құрауға тиіс. Басқарманы төраға басқарады.

7. Басқарма өкілдеріне сыйақы төленбейді.

8. Басқарманың айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) кәсіби кеңестің мүлкін қалыптастыру тәртібін қоса алғанда, кәсіби кеңестің ішкі құжаттарын бекіту;

2) кәсіби кеңестің атқарушы органдарына ұсынылған кандидатураларды бекіту;

3) кәсіби кеңес қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру;

4) аудиторлық қызметті дамыту және аудиторлық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында кәсіби кеңес қызметінің бағытын айқындау;

5) аудиторларға кандидаттарды атtestаттау бағдарламасын келісу;

6) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне қойылатын талаптарды бекіту;

7) аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін келісу;

8) кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитеті ұсынған, аудиторлық үйымды кәсіби үйымға мүшеліктен шығару туралы өтінішхаттар бойынша ұсынымдарды қарау және беру;

9) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілерінің қызметіне жүргізілген сапаны сыртқы бақылау нәтижелерін келісу;

10) кәсіби үйымдарға, аудиторлық үйымдарға және аудиторларға қатысты өтініштерді қарау;

11) кәсіби кеңестің қызметі туралы жылдық есептілікті бекіту;

12) кәсіби кеңестің апелляциялық комиссиясы қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

13) аудиторлық және кәсіби үйымдардың аудиторлық үйымдарға сапаны сыртқы бақылауды жүргізу тәртібіне сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылатын бақылау нәтижелерін оларға қарсылық болмаған және (немесе) апелляциялық комиссияның шешімі болған жағдайларда қарау және келісу.

Басқарма кәсіби кеңес қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

9. Кәсіби кеңес филиалдар мен өкілеттіктер құруға құқылы емес.

10. Кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитеті, Біліктілік комиссиясы, атқарушы алқалы орган, басқарма бекіткен өзге де органдар кәсіби кеңестің атқарушы органдары болып табылады.

11. Кәсіби кеңес уәкілетті органға және қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қызметі туралы жылдық есептілікті басқарма оны бекіткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

12. Төраға басқаратын атқарушы алқалы орган кәсіби кеңестің қызметіне ағымдағы басшылықты кәсіби кеңестің жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

13. Кәсіби кеңестің және атқарушы органдардың қызметі туралы мәліметтер ашық және қолжетімді болуға тиіс.

**Ескерту.** Заң 13-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

### **13-2-бап. Кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитеті**

**Ескерту.** 13-2-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитетінің құрамына аудит жүргізу саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі бар, практикамен айналыспайтын кемінде екі сарапшы үш жылға дейінгі мерзімге кіреді және/немесе аудит жүргізу саласында

кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар, "аудитор" біліктілік куәлігі және (немесе) Халықаралық бухгалтерлер федерациясы таныған аудит саласындағы халықаралық сертификаттардың бірі бар және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықта тартылмаған, практикамен айналыспайтын сарапшылар кіруі мүмкін.

2. Кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитетінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілерінің басқарма бекіткен, кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы бақылауды жүзеге асыру;

2) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне сапаны сыртқы бақылауды жүргізу;

3) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне жүргізілген сапаны сыртқы бақылау нәтижелерін басқармаға келісуге ұсыну;

4) уәкілетті орган бекіткен, аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларына, оның ішінде аудиторлық және кәсіби ұйымдарды тексеру өлшемшарттарына сәйкес аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылау жүргізу тәртібін басқармамен келісу бойынша әзірлеу және бекіту;

5) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне жүргізілген сапаны сыртқы бақылау нәтижелерін кәсіби кеңестің интернет-ресурсында орналастыру;

6) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) басқармаға аудиторлық ұйымды кәсіби ұйымға мүшеліктен шығару туралы етінішхат ұсыну;

8) осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, аудиторлық және кәсіби ұйымдардың аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылау жүргізу тәртібіне сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы бақылауды жүзеге асыру.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық құпияны құрайтын, сапаны бақылау жөніндегі комитет аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылауды жүргізген кезде алған мәліметтер жария етілуге жатпайды.

Ескерту. Заң 13-1-баппен толықтырылды – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### 14-бап. Біліктілік комиссиясы

1. Біліктілік комиссиясының құрамына уәкілетті органның өкілі және кәсіби ұйымдардан саны бірдей өкілдер кіреді, бұл ретте Біліктілік комиссиясының құрамы

оның мүшелерінің тақ санынан құралуға тиіс. Біліктілік комиссиясының құрамына практикамен айналыспайтын сарапшылар да кіруі мүмкін.

2. Аудит жүргізу саласында жұмыс тәжірибесі бар аудитор Біліктілік комиссиясының төрағасы болып сайланады.

Біліктілік комиссиясының төрағасы Біліктілік комиссиясы мүшелерінің жай көпшілік даусымен үш жыл мерзімге сайланады. Сол бір адам қатарынан екі рет төраға болып сайлана алмайды.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адам Біліктілік комиссиясының төрағасы болып сайлана алмайды.

4. Біліктілік комиссиясы аудиторларға кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын әзірлейді, бекітеді және басқармамен келіседі, ол Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қоры шығарған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуге тиіс.

5. Аудиторларға кандидаттарды аттестаттауды жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда, уәкілетті орган Біліктілік комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасауға құқылы.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **15-бап. "Аудитор" біліктілік қуәлігінен айыру**

"Аудитор" біліктілік қуәлігінен айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

"Аудитор" біліктілік қуәлігінен айыру туралы шешімді уәкілетті орган қасіби ұйымдарға жібереді және бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

"Аудитор" біліктілік қуәлігінен айырылған адамдар қайта аттестаттауға кемінде үш жыл өткеннен кейін жіберіледі.

**Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **16-бап. Аудиторлық қызметті лицензиялау**

1. Аудиторлық қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялануға жатады.

2. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлардаған лицензия өзінің қолданысын тоқтатады.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған, оның ішінде одан айырған жағдайда, аудиторлық ұйымдар лицензияның қолданылуын тоқтату, оның ішінде одан айыру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға лицензияны электрондық нысанда ресімдеу жағдайларын қоспағанда, лицензияны қайтаруға міндетті.

Лицензиядан айырған кезде мерзім сottың қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиясынан айырылған аудиторлық ұйымның лицензия беруге арналған өтініші кемінде бір жылдан кейін қаралады.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**17-бап. Аудит, салықтар бойынша аудит, өзге ақпарат аудитін, аудит стандарттарына сәйкес ілеспе және басқа да көрсетілетін қызметтер жүргізуге арналған шарт**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Аудиторлық ұйымдар мен аудиттелетін субъектілер арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарт негізінде қалыптасады.

2. Аудит жүргізуге және (немесе) аудит стандарттарына сәйкес ілеспе және басқа да көрсетілетін қызметтер ұсынуға арналған шартта: шарттың нысанасы, мерзімі, ақы төлеу мөлшері мен талаптары, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы, алынған ақпараттың құпиялышылығы, сондай-ақ кәсіби ұйымға мүшелігі көзделеді.

3. Аудиттелетін субъектіге міндетті аудит, салықтар бойынша аудит, өзге ақпарат аудиті және (немесе) аудит стандарттарына сәйкес ілеспе және басқа да көрсетілетін қызметтер жүргізуге арналған шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4. Мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылатын мәліметтерді, сондай-ақ "Зансыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға ашып көрсетілетін (берілетін) мәліметтерді қоспағанда, аудитор және (немесе) аудиторлық ұйым аудит, салықтар бойынша аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды.

Аудиторлық ұйым клиенттердің келісіуімен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға беретін мәліметтерді қоспағанда, өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудитор және (немесе) аудиторлық ұйым алған мәліметтер коммерциялық құпияны құрайды.

Коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді сақтау міндетін бұзы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2023 № 23-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 18-бап. Аудиторлық есеп

1. Аудиторлық есеп жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша жасалады және ол осы Заңның талаптары мен аудит стандарттарына сәйкес келуге тиіс.

Аудиторлық есепте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, аудиттегін субъектінің қаржылық есептілігі және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараты туралы атқарушы-аудитордың және аудиторлық ұйымның тәуелсіз пікірі камтылады.

2. Аудиторлық есепке біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, атқарушы-аудитор қол қояды, оны өзінің жеке мөрімен куәланырады, аудиторлық ұйымның басшысы оған қолын қойып бекітеді және аудиторлық ұйымның мөрімен расталады.

Аудиторлық есепте аудиторлық ұйым лицензиясының нөмірі мен берілген күні де көрсетіледі.

Аудитор өзінің жеке мөрін тиісінше пайдаланбағаны және сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

3. Аудиторлық есеп Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе нақты деректерге сай келмеген жағдайда мұнданай есеп сот шешімімен жарамсыз деп танылады

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## 18-1-бап. Қаржы ұйымының аудитін жүргізу ерекшеліктері

Ескерту. 18-1-бап алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **18-2-бап. Салықтар бойынша аудиторлық қорытынды**

1. Салықтар бойынша аудиторлық қорытынды осы Заңда және өзге де нормативтік күкүйкілдік актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Салықтар бойынша аудиторлық қорытындыға біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып, орындаушы аудитор қол қояды, өзінің жеке мөрімен куәландарады, аудиторлық ұйым басшысының қолтаңбасымен бекітіледі және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландарылады.

**Ескерту. Заң 18-2-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **18-3-бап. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу ерекшеліктері**

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды беру тәртібін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдармен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы айқындаиды.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дереккөрда орналастырылады.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытындыға біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсетіп, орындаушы аудитор қол қояды, оның жеке мөрімен куәландарылады, аудиторлық ұйым басшысының қолымен бекітіледі және аудиторлық ұйымның мөрімен куәландарылады.

**Ескерту. Заң 18-3-баппен толықтырылды - ҚР 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **19-бап. Сапаны бақылау және оның түрлері**

1. Сапаны бақылау аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың аудит стандарттарының, Әдеп кодексінің және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасының талаптарын сақтауына бағытталған және ол тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

2. Сапаны ішкі және сыртқы бақылау сапаны бақылау түрлері болып табылады.

Сапаны ішкі бақылауды аудиторлық ұйым аудит стандарттарына және ұйымдар стандарттарына сәйкес дербес жүзеге асырады.

Сапаны сыртқы бақылауды кәсіби ұйым кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілері болып табылмайтын аудиторлық ұйымдарға қатысты үш жылда бір реттен сиретпей жүзеге асырады.

Сапаны сыртқы бақылауды сапаны бақылау жөніндегі комитет кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілеріне қатысты үш жылда бір реттен сиретпей жүзеге асырады.

Бұл ретте кәсіби кеңестің сапаны бақылау жөніндегі комитетінде сапаны сыртқы бақылаудан өткен аудиторлық ұйымдар үшін кәсіби ұйымның жұмыс органында сапаны сыртқы бақылаудан өту талап етілмейді.

### 3. Сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылау:

1) аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіби ұйымдардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жолданым алынған жағдайда;

2) аудиторлардың және (немесе) аудиторлық ұйымдардың жұмыс нәтижелерімен келіспеген жағдайда;

3) кәсіби кеңестің сапаны сыртқы бақылау объектілерінің бастамасы бойынша;

4) аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіби ұйымдардың қызметіне байланысты келіп түскен жолданымдарға сәйкес уәкілетті органның бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аудиторлардың, аудиторлық ұйымдардың және кәсіби ұйымдардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жолданым бойынша сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылауды жүргізу қажеттілігі туралы шешім жолданымда жазылған нақты деректер қаралғаннан кейін шығарылады.

4. Осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүргізілетін сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылау бойынша шығыстарды тексерілетін аудиторлық ұйым төлейді.

Осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларына сәйкес жүргізілетін сапаны жоспардан тыс сыртқы бақылау бойынша шығыстарды жолданымды жіберген жеке немесе занды тұлға төлейді. Уәкілетті органға жолданым беру жолданымды жіберген тұлғаны сапаны сыртқы бақылауды жүргізуге арналған шығыстарды төлеуден босатпайды. Бұл ретте жолданымда жазылған фактілер расталған жағдайда, шығыстарды төлеуді тексерілетін аудиторлық ұйым жүргізеді, ал жолданымды жіберген тұлғаға төлем қайтарылады.

5. Кәсіби ұйымдар аудиторлық ұйымдарға сапаны сыртқы бақылауды сапаны бақылау жөніндегі комитет бекіткен тәртіпке сәйкес жүргізеді.

6. Аудиторлық ұйым сапаны сыртқы бақылау нәтижелеріне кәсіби кеңестің апелляциялық комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасауға құқылы.

Кәсіби кеңестің апелляциялық комиссиясының қызметі басқарма айқындастын қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - КР 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 20-бап. Аудиторлардың құқықтары мен міндеттері

### 1. Аудиторлар:

1) аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін аудиттелетін субъектінің қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын алуға және тексеруге;

1-1) кәсіби ұйымға кіруге;

2) аудиттелетін субъектінің лауазымды адамдарынан аудит барысында туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша нысандарда түсіндірме алуға;

3) кәсіби ұйымдардың шешіміне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

### 2. Аудиторлар:

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, аудит стандарттарын, Әдеп кодексін сақтауға;

1-1) аудиторлардың біліктілігін арттыру қағидаларының талаптарына сәйкес аудиторлардың біліктілігін арттыру жөніндегі курстардан өтуге және аудиторлардың біліктілігін арттыру жөніндегі курстардан өткені туралы сертификаттар алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық құпияны жария етпеуге;

3) аудиттелетін субъектіге бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты беруге;

4) өзі қатысушысы болып табылатын аудиторлық ұйымның басшысына Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

5) коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді өзі қатысушысы болып табылатын аудиторлық ұйымның басшысына хабарлауға міндетті.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2023 № 23-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 21-бап. Аудиторлық ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

1. Аудиторлық ұйымдар:

1) аудит жүргізу әдістерін дербес анықтауға;

2) аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамасын сұратуға және тексеруге;

2-1) салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, банктерден, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарынан және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан аудиттегін субъектіге қатысты мәліметтерді сұратуға;

2-2) өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін ішкі саясат пен рәсімдер, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесі, ақпараттық қауіпсіздік жүйесі, корпоративтік басқару жүйесі, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша қажетті құжаттаманы сұратуға және тексеруге;

3) осы Заңның 24-бабында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, әр түрлі бейіндегі мамандарды аудит жүргізуға қатысуға шарттық негізде тартуға;

4) аудиттегін субъект аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуден не аудиторлық есепті немесе аудиторлық қорытындыны беруден бас тартуға;

5) аудиттегін субъектінің қаржы-шаруашылық қызметтеріне байланысты құжаттамаларды толық көлемде, сондай-ақ осы құжаттамада есепке алынған мүліктің нақты бар-жоғын тексеруге;

6) прокуратура, қылмыстық қудалау органдарына және сотқа қорытындылар беруге құқылы.

## 2. Аудиторлық ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, аudit стандарттарын, Әдеп кодексін сақтауға;

2) сапаны сыртқы бақылаудың жүргізілуіне немесе уәкілетті орган жүргізетін тексерулерге кедергі жасамауға;

3) аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған немесе кәсіби ұйымнан ерікті түрде шыққан немесе одан шығарылған күннен бастап бір ай ішінде кәсіби ұйымға кіруге;

4) өздері мүшелері болып табылатын кәсіби ұйымды аккредиттеуден айырған кезде үш ай ішінде басқа кәсіби ұйымға кіруге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық құпияны жария етпеуге;

6) аудиттелетін субъектіге бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты беруге міндettі.

Аудиторлық ұйымдар мемлекеттік мекемелерде, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларда аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізген жағдайда аудиттелетін субъектіге бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалану кезінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпаратты да беруге міндettі;

7) өздері үшін аудит жүргізу міндettі болып табылатын қаржы ұйымдарына, банктік конгломерат құрамына кіretіn ұйымдарға, сақтандыру тобына кіretіn ұйымдарға аудит жүргізу нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы аудиттелетін субъектілерді хабардар ете отырып, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға;

8) уәкілетті органға лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес есептілікті, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпаратты табыс етуге;

9) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушиның өзге ақпарат аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсынуға;

9-1) уәкілетті орган айқындастын тәртіппен салықтар бойынша аудиторлық қорытындыны аудиттелетін субъектінің орналасқан жеріндегі мемлекеттік кіріс органына ұсынуға;

9-2) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдармен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы айқындастын тәртіппен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсынуға;

10) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

11) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстаратуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға;

12) коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға ашып көрсетуге (беруге) міндетті.

3. Мемлекеттік органдардың, аудиттелетін субъектілердің және кез келген үшінші тұлғалардың аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуына жол берілмейді.

**Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 № 338-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.21 № 19-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2020 № 358-VI (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2023 № 23-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 22-бап. Аудиторлық қызметті сақтандыру

1. Аудиторлық ұйымдар аудитті жүзеге асыру кезінде мүліктік зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

2. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 23-бап. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігі

Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын, сондай-ақ шарт талаптарын бұзғаны үшін аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## 24-бап. Аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізу құқығын шектеу

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

Аудиторлық ұйымдардың:

осы аудиторлық ұйым немесе осы аудитті, салықтар бойынша аудитті, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудитті, өзге ақпарат аудитін жүзеге асыратын оның қызметкерлері өздерінің қатысуышы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілерге;

өздерімен соңғы үш жылда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасқан ұйымдарға;

соңғы үш жылда осы Заңның 3-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және (немесе) 3) тармақшаларында аталған (бухгалтерлік есепке алу және (немесе) қаржылық есептілік бөлігінде) көрсетілетін қызметтер ұсынылған ұйымдарға;

орындаушылары аудиттелетін субъектімен еңбек қатынастарында тұрған немесе оның лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ аудиттелетін субъекті акцияларының он

және одан да астам процентін (жарғылық капиталға қатысу үлесін) иеленген акционердің (қатысушының) жақын туыстары немесе жекжаттары болып табылатын аудиторлық ұйымдардың;

аудиттелетін субъектіде жеке мұліктік мұddeлері бар орындаушылардың;

аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, егер оның аудиттелетін субъектінің алдында немесе аудиттелетін субъектінің оның алдында ақшалай міндеттемелері бар болса;

жасалған жария шарттардан туындастын міндеттемелерді қоспағанда, мұddeлер қақтығысының пайда болуына әкелетін немесе осындай қақтығыстың пайда болу қатерін туғызатын жағдайларда, аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуіне тыйым салынады.

Міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төмен талаптарға сәйкес келмейтін аудиторлық ұйымның міндетті аудит жүргізуіне тыйым салынады.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **25-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары мен міндеттері**

### **1. Аудиттелетін субъект:**

1) аудиторлық ұйымнан Қазақстан Республикасы заңнамасының аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуге қатысты талаптары туралы қажетті ақпаратты алуға;

2) аудиторлық ұйымның ескертпелері мен қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

3) аудитордан, аудиторлық ұйымнан бухгалтерлік есеп жүргізуде, қаржылық есептілікте және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпаратта анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты алуға;

4) шарттың талаптарын бұзған жағдайда, аудиторлық ұйымның қызметтерінен бастартуға құқылы.

### **2. Аудиттелетін субъект:**

1) аудитті, салықтар бойынша аудитті, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудитті, өзге ақпарат аудитін уақтылы және сапалы жүргізуі үшін

аудиторлық үйымға жағдай жасауға, қажетті құжаттаманы, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға, ауызша немесе жазбаша нысанда түсіндірuler мен түсініктемелер беруге;

2) егер шартта өзгеше көзделмесе, аудитке, салықтар бойынша аудитке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудитке, өзге ақпарат аудитіне жатқызылатын мәселелер ауқымын шектеу мақсатында аудиторлық үйымның қызметіне араласпауға;

3) аудиторлық үйымның талабы бойынша қажетті ақпаратты алу үшін үшінші тұлғаның атына өз атынан жазбаша сауал жіберуге міндетті.

3. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын занды тұлғалар секілді аудиттелетін субъектілер өз қызметтерінің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін бір ай мерзімде, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың аудиттелетін субъектілері квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізілгеннен кейін бір ай мерзімде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартызылатын қарыздарды пайдалану кезінде анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат береді.

4. Аудиторлық үйымның шарт бойынша міндеттемелерден туындаитын талаптарын орындау аудиттелетін субъект үшін міндетті.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **26-бап. Аудиттелетін субъектінің міндеттері**

Ескерту. 26-бап алғынып тасталды - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## **27-бап. Аудиттелетін субъектінің жауапкершілігі**

1. Аудиттелетін субъект аудиторлық үйымға аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін

жүргізу үшін берген қаржылық есептіліктің және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпараттың, сондай-ақ өзге ақпарат толықтығы мен анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Міндетті аудит жүргізуден жалтарған не оны жүргізуге кедергі жасаған, не оны жүргізуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қамтамасыз етпеген заңды тұлғаның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізу аудиттелетін субъектіні табыс ететін қаржылық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмегені үшін жауаптылықтан босатпайды.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.02.20 № 138 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 168-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **28-бап. Дауларды қаралау**

Аудиторлар, аудиторлық ұйымдар арасында, сондай-ақ олар мен аудиттелетін субъектілер арасында туындастын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

## **29-бап. Өтпелі ережелер**

1. Дара кәсіпкерлер болып табылатын аудиторлар Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде аудиторлық қызметті жүзеге асыра алады.

2. Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген лицензияларды қоспағанда, аудиторлық ұйымдардың уәкілетті орган берген лицензиялары және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген "аудитор" біліктілік куәлігі жарамды болады.

## **30-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң, осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 9-баптың 4, 5-тармақтарын, 10, 12 және 14-баптарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК